

Қазақтың қол өнер  
бұйымдары.

# Білезік



# Білезік туралы түсінік

- Білезік әшекейлі , сәндік бұйым . Білезік сөзінің түп-төркіні білек және жүзік (білекжүзік — білежүзік — білеүзік — білезік) сөзінен туындаса керек. Білезік қымбат металдардан жасалады. Білезіктің көлемі, пішіні, әшекейі әр алуан болады. Оған асыл тастардан көз орнатылады, алтын не күміс жалатып, лажылап, эмаль бағдарлап та соғады. Арзан білезіктерді мысалы, қола, жез, мельхиор, т . б. металдардаң жасайды . Оның құйма білезік, қос білезік, қуыс білезік, бес білезік, топсалы білезік, бұрама білезік, жалпақ білезік, сом білезік, жұмыр білезік, өбістірме білезік, т.б. түрлері көп;[1]
- зарығып күткен (“тәңірден тілеп алған”) баланың екі аяғына салынатын күміс балдақ, шығыршық;
- сал-серілердің аттарының аяқтарына салынатын әшекейлі шығыршық;
- құстардың аяғына салынатын сақина;
- тұтқынның аяқ-қолына салынатын шынжырлы бұғау;
- ағаштан жасалған бұйымдарды құрсаулап бекітетін шеген, шығыршық;
- шаңырақтың құралған жерлерін құрсаулап қоятын металл шығыршық.[2]

# Бес білезік



# Сақина



# Сақина атаулары

- **Ақық сақина** - кішкентай ақық қондырылған сақина.
- **Алтын сақина** - таза алтыннан соғылған сақина.
- **Бұрама сақина** - алтын, күмісті есіп жасаған сақина.
- **Жез сақина** - саусаққа салу үшін емес, қамшы, найза, пышақ, қылыш сабын бекіту үшін жасалған - мыс шығыршық.
- **Кавказ сақина** - қара ала өрнекті сақина.
- **Күміс сақина** - таза күмістен құйып жасаған сақина.
- **Қола сақина** - қоладан жасай салған арзан қол сақина.
- **Моншақты сақина** - **моншақ** қондырылған сақина.
- **"Құс мұрын" сақинасы** - үсті дөңестеу келген сақина түрі.
- **Мыс сақина** - мыстан жас жұбайлардың үйлену тойында бір-біріне сыйлайтын сақинасы.
- **Сақинек** - пышақ, қылыш т.б. құралдардың сапқа жетесі сұғылатын жерін қысып тұру үшін мыс не күмістен жасалатын балдақ, мойнақ.
- **Сіркелі сақина** - бетіне ұсақ түйіршіктерден сірке өрнек салған сақина.
- **Тасты сақина** - тас, **шыны** орнатқан сақина.
- **Темір сақина** - темірден жасалған тығыршық, сақине

# Сырға



- **Әшекей** - киімді, тұрмыстық бұйымдарды безендіруге пайдаланылатын, сәндік үшін жасалынатын бұйымдар және зат, бұйымның бетіне салынатын ою-өрнек, түрлі нақыштар <sup>[1]</sup>.
- Мұндай әшекей -нақыштар жүн бұйымдарының (текемет, сырмақ, алаша, қоржын т.б.), киіз үйдің бау-басқұрларының, ат жабдықтарының (былғары тоқым, кежім, жабу), құрылыс-сәулет орындарының (есік, маңдайша, ұстын, жақтау, дуал және т.б.), киім-кешектердің, ыдыс-аяқтар мен жиһаздардың, кару-жарақтардың т.б. өн бойында қолданылады. Қазақта әшекейленбеген зат, бұйым жоқ деуге болады, себебі қазақ қолөнер шеберлері ұлттық нақыштағы әшекейлерді өңдеп, түрлендіріп, жетілдіріп қолданып отырған. Кәсіби деңгейдегі шеберлер қазақ даласының әр өңірінде болған <sup>[2]</sup>.
- Шеберлердің талғампаздығы мен дарындылығы, тудырған дүниесінің жасампаздығы мен жаңалығы жасаған өнімдерінің сұранысынан көрінетін. Қазақ шеберлері технологиялық тәсілдерінің жеңілдігі мен құралдарының қарапайымдылығына қарамастан, зергерлік әшекей бұйымдарының үздік үлгілеріне жататын өнер туындыларын жасаған <sup>[3]</sup>.



Назарларыңызға  
рахмет!!!